

Абай облысы Жарма ауданы Шар қаласындағы көшелерді қайта атауы туралы

Абай облысы Жарма ауданы Шар қаласы әкімінің 2025 жылғы 23 шілдедегі № 5 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4)-тармақшасына сәйкес, Абай облысының ономастика комиссиясының 2025 жылғы 4 шілдедегі қорытындысы негізінде және Шар қаласы тұрғындарының пікірін ескере отырып, **ШЕШТІМ:**

1. Абай облысы Жарма ауданы Шар қаласының көшелері қайта аталсын:
"Первомайская" көшесі "Тұмар" көшесіне;
"Береговая" көшесі "Шар" көшесіне.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімінің міндетін атқарушы

Е. Саршанов